positioning
patients for life.®



# ӨНІМ НҰСҚАУЛЫҒЫ МЕН ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

RT-5100 AirDrive Trolley™

| | | | |
|---|---|---|---|
| CE | EC REP<br>Advena Limited<br>Tower Business Centre, 2nd Flr<br>Tower Street, Swatar, BKR 4013<br>Malta | UK Responsible Person<br>QServe Group UK, Ltd.<br>49 Greek Street<br>Soho, London W1D 4EG<br>United Kingdom | |
| | *АҚШ-та жасаған өндіруші*<br>Qfix<br>440 Church Rd,<br>Avondale, Pennsylvania, USA<br>+1 484-720-6053 www.Qfix.com | CH REP | Raditec Medical AG<br>Schlossberg 5a<br>5454 Bellikon<br>Switzerland |

2005112_KK_B / 2024-01

# ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

## ⚠ ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

**! ЕСКЕРТУ !** Бұл жабдыққа ешқандай өзгеріс енгізуге болмайды. Егер осы құрылғының қандай да бір бөлігіне апаттық жағдайға себеп болатын жүк түссе, ол зақымдалса немесе дұрыс жұмыс істеп тұрмаса, оны әрі қарай пайдаланбай, +1 484-720-6053 нөмірі немесе techsupport@qfix.com мекенжайы бойынша Qfix компаниясына хабарласыңыз.

**! ЕСКЕРТУ !** Қоқысқа тастау бойынша жергілікті ережелерді басшылыққа алыңыз.

## ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР

Елеулі оқыс оқиғалар (мысалы, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкеп соқтыратын немесе әкелуі мүмкін оқиғалар) туралы Qfix компаниясына да, еліңіздің құзыретті органына да хабарлаңыз.

## ⚠ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

AirDrive Trolley арбасы екі адам басқаратындай етіп жасалған.

**! ЕСКЕРТУ !** AirDrive Trolley арбасының максимум қауіпсіз жұмыс жүктемесі – 226 кг (500 фунт). Қабылдау жүйелері мен AirShuttle құрылғысының максимум қауіпсіз жұмыс жүктемелерін олардың Пайдалану нұсқаулығын қараңыз. Ең төменгі номиналды жүктемеден асыруға БОЛМАЙДЫ.

**! ЕСКЕРТУ !** Емделуші жарақаттанып қалмау үшін AirDrive Trolley арбасын абайлап жылжытыңыз. Ұстап қалу аймақтарын және жүйемен байланысты басқа да қауіптерді азайтуға аса көңіл бөлінді. Дегенмен ықтимал ұстап қалу аймақтары әлі де бар, соның ішінде:

- Емделушіні жатқызу және түсіру кезінде AirShuttle құрылғысы мен арбаның үстіңгі жағы арасында
- Бүйір жақтауларды көтеру немесе түсіру кезінде бүйір жақтау мен арбаның үстіңгі жағы арасында
- AirDrive Trolley арбасы мен қабылдау жүйесі, мысалы, КТ, МР, Linac және т.б. арасындаю

**! ЕСКЕРТУ !** Қолданар алдында барлық аксессуардың, соның ішінде AirShuttle тасымалдау тұтқаларының AirShuttle жүйесіне бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Инфузиялық штативтің қауіпсіз жұмыс жүктемесі – 11,5 кг (25 фунт).

**! ЕСКЕРТУ !** МРТ үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін тек AirDrive Trolley арбасының ИНФУЗИЯЛЫҚ ШТАТИВІН пайдаланыңыз.

**! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ !** Тасымалдау/жылжыту кезінде шлангілерден/монитор желілерінен ұстап тартпаңыз.

**! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ !** Соққылардың алдын алу үшін AirDrive Trolley арбасының биіктігін реттемес бұрын жолдың таза екенін тексеріңіз. AirDrive Trolley арбасының биіктігін қабылдау жүйесінің биіктігіне сәйкес реттеңіз.

**! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ !** Көлденең ұстап қалу аймақтары бар. Көлденең ұстап қалу аймағының жолында кедергілердің жоқ екенін тексеріңіз.

**! ЕСКЕРТУ !** AirShuttle тасымалдау тұтқалары МР ортасымен шартты түрде үйлесімді. 3 Тл немесе одан аз статикалық магнит өрісінде ғана пайдаланыңыз. МР жүйесінің туннеліне қоюға БОЛМАЙДЫ.

## ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАҒДАЙЛАРЫ

**Пайдалану**

- Температура: 10 °C-40 °C (50 °F-104 °F)
- Ылғалдылық: 10%-90% (конденсациясыз)
- Атмосфералық: 700-1060 гПа

**Сақтау**

- Температура: 0 °C-50 °C (32 °F-122 °F)
- Ылғалдылық: 0%-95%
- Атмосфералық: 700-1060 гПа

## ⚠ МРТ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бейклиникалық сынақтар **AirDrive Trolley арбасы** МР ортасымен шартты түрде үйлесімді екенін көрсетті. Бұл құрылғыны төмендегі шарттарға сай келетін МР жүйесімен пайдалануға болады:

- 3 Тл немесе одан аз статикалық магнит өрісі.
- МР жүйесінің МРТ үстелі емделушіні тасымалдар алдында бекітілуі немесе орнына орнатылуы керек.
- **AirDrive Trolley арбасы** сканерлеу алдында МР-тофографтан 160 мТл (1600 Гс) шегінен шығарылуы керек. Бөлме конфигурациясындағы магнит өрісінің кеңістіктік градиенті белгісіз болса, сканерлеу алдында арбаны МР бөлмесінен шығарыңыз.

Бейклиникалық сынақтар **AirShuttle тасымалдау тұтқалары** МР ортасымен шартты түрде үйлесімді екенін көрсетті. Бұл құрылғыларды төмендегі талаптарға сай келетін МР жүйесімен пайдалануға болады:

- 3 Тл немесе одан аз статикалық магнит өрісі.
- Құрылғыны МР жүйесінің туннеліне кіргізбес бұрын **AirShuttle** жүйесінен **AirShuttle тасымалдау тұтқаларын** алып тастау керек.

Бейклиникалық сынақтар **AirDrive Trolley арбасының инфузиялық штативі** МР ортасымен шартты түрде үйлесімді екенін көрсетті. Бұл құрылғыны төмендегі шарттарға сай келетін МР жүйесімен пайдалануға болады:

- 3 Тл немесе одан аз статикалық магнит өрісі.
- МР ортасында **AirDrive Trolley арбасының инфузиялық штативі AirDrive Trolley арбасына** әрдайым орнатылған күйде қалуы керек.

Бейклиникалық сынақтар **AirDrive™ зарядтау кабелі** МР ортасымен шартты түрде үйлесімді екенін көрсетті. Бұл құрылғыны төмендегі шарттарға сай келетін МР жүйесімен пайдалануға болады:

- 3 Тл немесе одан аз статикалық магнит өрісі.
- **AirDrive Trolley арбасы** визуализация кезінде МРТ бөлмесінде зарядталып тұрмауы керек. Мұның салдарынан МР кескінінде артефактілер пайда болуы мүмкін.

**! ЕСКЕРТУ !** Ұсынылған техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ тек Qfix берген аксессуарлар, компоненттер мен қосалқы бөлшектерді пайдалану өнімдердің қауіпсіздігін, өнімділігін және МРТ ортасымен үйлесімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ тиісті кепілдіктерді күшінде сақтау үшін қажет.

**! ЕСКЕРТУ !** Мақұлданбаған МР аксессуарларын пайдалану салдарынан мынадай жағдайлар орын алуы мүмкін:

- Емделушінің жарақат алуы
- Емделушінің күйіп қалуы
- Жабдықтың зақымдалуы

Сіздің МР жүйеңіз үшін мақұлданып, сыналған, МР ортасында қауіпсіз және МР ортасымен шартты түрде үйлесімді екені дәлелденген аксессуарларды ғана пайдаланыңыз.

МР жүйеңізде пайдаланбас бұрын, аксессуарлардың МР ортасымен үйлесімділігін қарастырыңыз.

**! ЕСКЕРТУ !** Qfix өнімдеріне техникалық және басқа қызмет көрсету ешқашан МР ортасында орындалмауы керек.

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ СӘУЛЕЛЕР

AirDrive Trolley арбасы A шығарындылар класына жатады және IEC 60601-1-2 стандартына сәйкес 3 В/м деңгейіндегі радиожиілік электромагниттік өрістерге төзімділік сынағынан өткен. AirDrive Trolley арбасы – басқа электрондық құрылғыларға кедергі келтіруі мүмкін электрондық құрылғы. Егер AirDrive Trolley арбасы басқа электрондық құрылғыларға кедергі келтірсе, арбаны әсер ететін құрылғылардан алыстатыңыз.

**! ЕСКЕРТУ !** AirDrive Trolley арбасына маңайдағы электрондық құрылғылардың, соның ішінде арбаға жақын орналасқан немесе оның үстіне қойылған құрылғылардың шығарындылары әсер етуі мүмкін. Шығарындылар тіректер және/немесе үрлегіш сияқты арба компоненттерін басқаруға әсер етіп, оларды істен шығаруы мүмкін. Арба компоненттерін басқару қиындаған жағдайда, арба мен сәуле шығаратын құрылғыларды жеткілікті қашықтыққа алыстатыңыз. Арбада немесе оның жанында электрондық құрылғылар пайдаланылса, олардың қалыпты жұмыс істеп тұрғанын тексеру үшін осы жабдық пен арбаны қарап шығу керек.

**! ЕСКЕРТУ !** Qfix компаниясы көрсеткеннен немесе ұсынғаннан басқа аксессуарлар мен кабельдерді пайдалану салдарынан электромагниттік сәуле көлемінің артуы немесе осы жабдықтың электромагниттік төзімділігінің төмендеуі және дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

**! ЕСКЕРТУ !** Портативті радиожиілік байланыс жабдығы (соның ішінде антенна кабельдері және сыртқы антенналар сияқты перифериялық құрылғылар) AirDrive Trolley арбасының кез келген бөлігінен кемінде 30 см (12 дюйм) алыс жерде пайдаланылуы керек. Әйтпесе, арбаның өнімділігі нашарлауы мүмкін.

## ҚОСЫМША САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Қосымша иммобилизация құрылғыларын қолдану кезінде Өнім нұсқаулығы мен пайдаланушы нұсқаулығында сипатталмаған қосымша ұстау аймақтары түзілуі мүмкін.

Зарядтау кабелі мен тасымалдау шлангісін қолдану кезінде шалынып қалу қаупі бар. Шалынып қалу және шлангіні іліп алу жағдайлары болмауы үшін зарядтау кабелі мен тасымалдау шлангісін қолдану кезінде абай болыңыз.

AirDrive Trolley арбасының зарядтау жүйесін «Hospital Only» (Тек аурухanaға арналған) немесе «Hospital Grade» (Аурухана класы) деп белгіленген балама розеткаға қосыңыз.

МР жүйесінің МРТ үстелі емделушіні тасымалдар алдында бекітілуі немесе орнына орнатылуы керек.

Ауа көзін қолданар алдында тасымалдау шлангісі AirShuttle ауа кірісіне, сондай-ақ арба тұтқасындағы шлангіні қосу нүктесіне дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

## ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ

**Таңбалардың тізімі мен олардың анықтамаларын Qfix.com сайтынан қараңыз.**

| | |
|---|---|
|  | **МАКСИМУМ ҚАУІПСІЗ ЖҰМЫС ЖҮКТЕМЕСІ** |
|  | **ЕКІ АДАМҒА АРНАЛҒАН КӨТЕРГІШ** |
|  | **ҰСТАП ҚАЛУ АЙМАҚТАРЫ**<br>Ұстап қалу аймақтары бар болуы мүмкін және осы таңбамен белгіленеді. |
|  | **ЭЛЕКТР БОЙЫНША САҚТЫҚ ШАРАСЫ**<br>Жарақаттың алдын алу үшін бұл жүйенің электроникасы мен батареяларына тек даярлықтан өткен қызметкерлер қызмет көрсетуі керек. |
|  | **АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙДА ТОҚТАТУ**<br>Апаттық жағдайда тоқтату қосқышы AirDrive Trolley арбасының барлық электромеханикалық функциясын тоқтатады. |
|  | **БАСҚАРУ ТЕТІГІН БҰҒАТТАҒЫШ**<br>Басқару тетігін бұғаттағыш арбаны түзу сызықпен бағыттауға мүмкіндік береді. |
|  | **ТЕЖЕГІШ**<br>Тежегіш арбаның қозғалуын тежейді. |

# ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ

AirDrive Trolley арбасы визуализация процедуралары, соның ішінде МРТ кезінде емделушіні сүйеп тұруға, жайғастыруға және тасымалдауға көмектеседі; сондай-ақ электрондармен, фотондармен немесе протондармен сыртқы сәулелік терапия жасауға және емделушіні тасымалдау қажет болатын басқа да жалпы процедураларды орындауға арналған. AirDrive Trolley арбасы тақтай төсектер, қондырмалар, термопластик маскалар мен жайғастыру төсемдері сияқты басқа да жайғастыру құрылғыларымен өзара жұмыс істеуге арналған.

**! ЕСКЕРТПЕ ! АҚШ федералдық заңына сәйкес, бұл құрылғыны тек дәрігерге немесе оның тапсырысы бойынша сатуға рұқсат етіледі.**

### Мақсатты емделуші топтары

Рентгенотерапиядан, диагностикалық визуализация процедураларынан немесе емделушіні тасымалдаумен байланысты басқа да процедуралардан өтіп жатқан емделушілер.

### Мақсатты пайдаланушылар

Өнімнің мақсатты пайдаланушысы – аймақтың нормативтік талаптарына сәйкес білікті тұлға.

# AIRDRIVE TROLLEY АРБАСЫМЕН ТАНЫСУ

## AIRDRIVE TROLLEY




## ТЕЖЕГІШ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ТЕТІГІН БҰҒАТТАҒЫШ



# AIRDRIVE TROLLEY АРБАСЫМЕН ТАНЫСУ

## НЕГІЗГІ ҚУАТ




## БАСҚАРУ ҰШЫ




## ГЕНТРИ ҰШЫ



# AIRDRIVE TROLLEY АРБАСЫМЕН ТАНЫСУ

## БАСҚАРУ ПАНЕЛІ




| | |
|---|---|
| **БАТАРЕЯ КҮЙІ ШАМДАРЫ** | • Зарядтау (кезекпен жыпылықтау)<br>• Жартылай зарядталған (1 немесе 2 жасыл шам жанады)<br>• Толық зарядталған<br>• Заряд аз<br>• Заряд тым аз (дыбыстық сигналмен жыпылықтайды)<br>**! ЕСКЕРТПЕ ! Сигнал дыбысын уақытша өшіріп қою үшін М түймесін басыңыз.**<br>**! ЕСКЕРТПЕ ! Батарея индикаторлары тек арбаның негізгі қуаты қосулы кезде зарядтағанда белсенді болады. Батареялар толық отырған болса, олар ең төменгі зарядтау шегіне жеткенше батарея индикаторы зарядтау кезінде қате заряд күйін көрсетуі мүмкін.** |
| **ЖАДТЫ ОРНАТУ** | AirDrive Trolley арбасы төрт биіктік жадына дейін сақтай алады. Биіктікті жадта сақтау үшін қажетті биіктікке жету мақсатында көрсеткі түймелерін пайдаланып М түймесін (D) басыңыз да, жіберіңіз. Күй индикаторының шамы жыпылықтай бастаған кезде (A), қажетті санға сәйкес жад түймесін басыңыз да, жіберіңіз (E). |
| **ЖАДТАР** | Жад орнатылған соң, сақталған биіктік шыққанда қажетті алдын ала орнату түймесін басып тұрыңыз. |

## ЕМДЕЛУШІНІ ТАСЫМАЛДАУ КЕЗІНДЕ АУА КӨЗІН БАҚЫЛАУ




| | |
|---|---|
| **АУА КӨЗІ ТҮЙМЕСІ** | Ауа көзін іске қосады және өшіреді, тасымалдауға мүмкіндік береді. |
| **АУА КӨЗІНІҢ КҮЙ ЖАРЫҒЫ** | Дайын емес<br>Дайын<br>Белсенді |

## AIRDRIVE TROLLEY АРБАСЫН ҚОЛДАНУҒА ДАЙЫНДАУ




## ЕМДЕЛУШІНІ ЖАТҚЫЗУ ЖӘНЕ ЖАЙҒАСТЫРУ




Дұрыс қосылған



Дұрыс қосылмаған









## AIRDRIVE TROLLEY АРБАСЫН ЖЫЛЖЫТУ

Дұрыс қозғалыс




Дұрыс емес қозғалыс



## AIRDRIVE TROLLEY АРБАСЫН ЖАЙҒАСТЫРУ




Дұрыс биіктік



Қате биіктік



# AIRDRIVE TROLLEY АРБАСЫНАН ҚАБЫЛДАП АЛУ

**Дұрыс тасымалдау**




**Қате тасымалдау**









**Бүйірлік тасымалдау**





**Бойлық тасымалдау**














# ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

## ЖҮЙЕНІ ТАЗАЛАУ

Құрылғыны жұмсақ, сызат түсірмейтін тазалау немесе зарарсыздандыру ерітіндісімен тазалау керек. Тазалау үшін ерітіндіні таза шүберекке жағып, бетін сүртіңіз. Құрылғыны сыртынан тексеріп, егер ол таза болмаса, алдыңғы тазалау қадамдарын таза болып көрінгенше қайталаңыз. Құрылғыдағы тазалағыш ерітінді қалдығын суға малынған таза шүберекпен сүртіп кетіріңіз. Құрғату үшін құрылғыны таза, құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

Төмендегі тазалау материалына сынақ жүргізіліп, ол құрылғыны тазалауға жарамды деп танылды.

- Су
- Сабын мен су

## ЖҮЙЕНІ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ

Құрылғының бетін зарарсыздандыру үшін тазалағыш ерітінді өндірушісі ұсынған арнайы нұсқауларды қараңыз.

- 10% Clorox® ағартқыш ерітіндісі
- Изопропил спирті

Ауалы мойынтірек дұрыс жұмыс істеуі үшін, тазалағаннан кейін дақтар қалмағанына көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда сумен соңғы тазалау қадамын орындаңыз. Келесі қолданар алдында ауалы мойынтіректің құрғауын күтіңіз.

**! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ !** AirDrive Trolley арбасына, әсіресе арба табанына немесе AirShuttle құрылғысына енген сұйықтықтар құрылғының жұмысына кедергі келтіруі мүмкін. Сұйықтықты AirDrive Trolley арбасына немесе AirShuttle құрылғысына тікелей шашуға және сұйықтықтың арба табанына ағуына жол беруге БОЛМАЙДЫ.

**! ЕСКЕРТПЕ ! Батареялардың қызмет мерзімін ұзарту және қажет болған кезде арбаның пайдалануға дайын болуын қамтамасыз ету үшін жүйені әр жұмыс күнінің соңында зарядтап отырған жөн.**

## БАҒАНАНЫ КАЛИБРЛЕУ

Қалыпты пайдалану кезінде бағаналар бір қатарда қалуы керек. Дегенмен күрделі жағдайларда бағаналар жылжып кетуі мүмкін. Калибрлеу үшін:

1. «Жоғары», «Төмен» және «1» түймелерін бір уақытта, дыбыстық сигнал естілгенше (~5 секунд) басып тұрыңыз. AirDrive Trolley арбасы бағаналарды калибрлеу режиміне енеді.




2. Бағаналар толығымен тартылғанша «Төмен» түймесін басып тұрыңыз. Енді жүйе калибрленді және қалыпты пайдалануға дайын.



# АҚАУЛАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЖОЮ

| | |
|---|---|
| Арба қосылмайды | Қуат шамы жанып тұрмаса:<br>Батареяларды зарядтау үшін AirDrive зарядтау кабелін жалғаңыз. |
| | Қуат шамы жанып тұрса:<br>Апаттық тоқтату құралдарының іске қосылмағанын тексеріңіз.<br>Арбаның табанынан оның үстіңгі жағына өтетін шиыршықты байланыс кабелінің табанға толығымен жалғанғанын тексеріңіз. |
| Бағаналар біркелкі көтерілмейді және түспейді | Техникалық қызмет көрсету бөліміндегі «Бағаналарды калибрлеу» тармағында берілген нұсқауларды орындай отырып бағаналарды калибрлеңіз. |
| Ауа көзі жұмыс істемейді | Тежегіш басылғанын тексеріңіз. |
| Ауалы мойынтірек үрленбейді | Тасымалдау шлангісінің фитингілері тасымалдау шлангісіне бекітілгенін тексеріңіз. Фитингілер сағат тіліне қарсы бағытта бұрап бекітіледі. |
| | AirShuttle жүйесіндегі тасымалдау шлангісінің байланысын тексеріңіз. |
| | Арба табанындағы арба тұтқасының астындағы шланг байланысын тексеріңіз. |
| | Тасымалдау шлангісі AirShuttle жүйесінің қос ауа кірісіне толық кіргенін тексеріңіз. |
| | Шлангілер мен ауалы мойынтіректің зақымдалмағанын тексеріңіз. |

Мәселені шешу мүмкін болмаса, Qfix қызмет көрсету өкіліне жүгініңіз.

# ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ




## ӨЛШЕМДЕРІ

Ұзындығы (Ұ): 234 см (92 дюйм)

Ені (Е): 80 см (31,5 дюйм)

Биіктігі (Б):

- Максимум: 91 см (35,8 дюйм)
- Минимум: 62 см (24,4 дюйм)
- Төсемдер ұзындықты 5 см (2 дюймге) дейін арттыруы мүмкін

## ЖҰМЫС ЦИКЛІ

Бағаналар: 1 мин ҚОСУ / 9 мин ӨШІРУ

Үрлегіш: 30 мин ҚОСУ / 5 мин ӨШІРУ

## ҚУАТ ТАЛАПТАРЫ

Кіріс:

100-240 В айнымалы ток

50/60 Гц

## МАКС. КІРІС ТОК:

3 ампер

# АНЫҚТАМАЛАР

| REF | ҚҰРЫЛҒЫ | ӨНІМ НҰСҚАУЛЫҒЫ МЕН ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ |
|---|---|---|
| RT-5100 | AirDrive Trolley | 2005112 |
| RT-5100-S | AirDrive Caddie | 2008502 |
| RT-5100-01 | Slate AirShuttle | 2007235 |
| RT-5100-02 | Portrait AirShuttle | 2007236 |
| RT-5100-04 | BoS AirShuttle | 2007614 |
| RT-5100-07 | Alta AirShuttle | 2008315 |

AirDrive, AirDrive Trolley, AirShuttle және Slate AirShuttle – Qfix компаниясының сауда белгілері.
Clorox – The Clorox Company компаниясының тіркелген сауда белгісі.

ETL CLASSIFIED

C US

Intertek

**5018847**

**Мына стандарттарға сай:**

**AAMI STD ES60601-1**

**IEC STD 60601-1-6**

**Сертификатталған:**

**CSA STD**

**C22.2 # 60601-1**